

Дуалы сөзімен хандарды қалтыратқан Тәттіқара



Тәтіқара Ақын Қостанай өңірінде, Сарыкөл маңында туып-өскен. Кедей ортадан шығады және бір уақыттарда Абылай ханның сүйікті адамы болғанына қарамастан, өмір-бойы жоқшылық тақсіретінен құтыла алмаған тәрізді. Қазақ халқынның басынан өткен ұрыс-соғыстарға қатардағы жауынгер ретінде қатысқан ол көне заман батырлары, олардың ел қорғаудағы ерлік істері туралы жұрттың рухын көтеретін үлкенді-кішілі жырлар айтумен қатар, өз жанынан күнделікті әскери өмірге қатысты, жауынгерлерді қиындықтарға мойымауға, ерлікке, күреске үндеген өлеңдер шығарып отырған. Бұл елгезектік өз кезінде Тәтіқара шығармаларының халық арасына кең таралуына жол ашады. Тәтіқара, әсіресе, 1756 жылы қазақ жерінің шегіне кірген Цин басқыншыларына қарсы күрес күндерінде туған өлеңдері арқылы мәшһүр болады. Біздің заманымызға қарбалас шақтарда, от-жалында туған толғауларының кейбір нұқалары ғана жетті

Ассалаумағалейкүм, жайсандар мен қасқалар, Адам
көңлін жоқтық шіркін баспалар. Түзде жүрсем -
батырмын, Үйге келсем - пақырмын. Таңертеңгі
ішкен шалап Қарында емес, қуықта, Ажал шіркін
алыста емес, жуықта. Түссендер - міне қара лашық,
Түспесендер - жолың ашық!



Қамыстың басы майда, түбі сайда Қамыстың басы майда,
түбі сайда, Жәнібек Шақшақұлы - болат найза! Алдыңнан
су, артыңнан жау қысқанда, Ер жігіттің ерлігі осындайда.
Бөкейді айт сағыр менен дулаттағы, Деріпсәлі, Мандайды
айт қыпшақтағы! Өзге батыр қайтса да, бір қайтпайтын
Сары менен Баянды айт уақтағы! Ағашта, биікті айтсаң,
қарағайды айт, Жігіттік, ерлікті айтсаң, Бөгембайды айт!
Найзасының ұшына жау мінгізген - Еменәлі керейде ер
Жабайды айт!



Абылай ел билеп тұрған тұста болса
керек

жасы біразға тақаған қарт Тәттіқара
Абылайға қатты өкпеліп болып
талай ұрыста, талай қырғында бірге
жүрген ханымен ар кұйрығын кесіпті

- Бірде Абылай хан ұрыс алдында жарлық береді. Онысын батырлар әуелі ұқпай қалады. Ал ұққан кезде бұйрықты орындаудан бас тартады. Батырлардың өзіне бағынбағанын көріп, Абылай қаһарын төгіп, оларды жазаға тартпақшы болады. Бірақ осы арада Тәтіқара жырау өзінің атақты жырын толғайды:

Кеше тоқыраулы судың бойынан,
Тоқал терек түбінен,
Ніл дарияның басынан,
Құмкент шәрінің қасынан,
Перінің қызы перизаттан туған,
Қара Мерген атасы,
Сөзімнің жоқ қатасы.

Кеше бұл тұрымтайдай ұл еді-ау,
Түркістанда тұр еді-ау,
Әбілмәмбет ағаңа
Қызметте жүрген ұл еді-ау,
Үйсін Төле билердің
Түйесін баққан теріс аяқ құл еді-ау!

Дәл жиырмаға келгенде
Ақ сұңқар күстай түледі,
Аузын тасқа біледі,
Дұшпанға табан тіреді.
Үш жүздің баласы
Ақылдасып, жолдасып,
Хан көтеріп еді.
Үш жүздің баласын
Бір баласындай көрмеді.

Ат құйрығын сүзіндер,
Аллалан атқа мініңдер,
Ханталау қылып алыңдар!
Сөйтіп, Ордаға ханталау жасала жаздайды. Ақыры, Абылай өз қателігін
мойындап, бұйрығын бұзады.

Кебеже қарын, кең құрсақ
Артық туған Абылай,
Көтере көр бұл істі:
Көп қытайдың жылқысы
Тұрымтайдай құнысты,
Жау жағадан алғанда,
Ит етектен алғанда,
Ер Абылай қорыққан жоқ,
Әншейін еңкейе бере жылысты.
Бәсентиін Сырымбет
Оқ жіберіп ұрысты.
Ақыл қалмас қашқанда,
Дегбір қалмас сасқанда,
Баяндай ерді көрмессің
Бұрылып жауды шанышқанда!

Жырау 1780 жылы Қостанай маңында
дүние салған оның өлімі туралы бірнеше
деректер бар
соның бірі ол Абылай мен арада болған
— ренжістен кейін іш құса —
болып дүние салған көірнеді